Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1082 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 26, 137-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"1. Ұйымдастыру іс-шаралары" деген бөлімде:

реттік нөмірі 1.4-жолда:

"Іс-шаралар" деген бағандағы ", инженерлік желілер мен коммуникацияларды " деген сөздер алынып тасталсын;

"Қаржыландыру көзі" деген бағандағы "Жергілікті бюджет" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 1.5-жолдағы, "Қаржыландыру көзі" деген бағандағы "Жергілікті бюджет" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 1.13-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1.15-жолмен толықтырылсын:

"1.15. Инженерлік Жоба. Облыс. Тұрақты Тапсы. Жергі-
желілер мен лау- тардың, рысшының лікті
коммуникация. смета. Астана қаражаты бюджет
ларды салуға лық және
қажетті жоба. құжат. Алматы
лау-сметалық тама қала.
құжаттаманы рының
әзірлеу, са. әкімдері

раптама жүргізу және бекіту

"2. Ипотекалық кредит беру жүйесін жетілдіру" деген бөлімде: реттік нөмірі 2.2-жолда:

"Орындау мерзімі" деген баған мынадай редакцияда жазылсын: "2004 жылғы IV тоқсан";

реттік нөмірі 2.6-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК